

"Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" Ордабасы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 10 наурыздағы № 58/2 шешіміне өзгерістер енгізу туралы"

Күшін жойған

Түркістан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 28 сәуірдегі № 61/2 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 5 мамырда № 5603 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 2 қарашадағы № 8/3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Ордабасы аудандық мәслихатының 02.11.2023 № 8/3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 2-3 тармағына және "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес, Ордабасы ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидасын бекіту туралы" Ордабасы аудандық мәслихатының 2020 жылғы 10 наурыздағы № 58/2 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5520 болып тіркелген, 2020 жылдың 01 сәуірінде Қазақстан Республикасы электрондық түрдегі нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидасында:

7-тармақтың 3 тармақшасындағы "біржолғы 15 (он бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде" деген сан мен сөз "біржолғы 35 (отыз бес) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде" деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын;

8 тармақтың 1 тармақшасындағы "300 000 (үш жүз мың) теңге" деген сан мен сөз "1 000 000 (бір миллион) теңге" деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын;

8 тармақтың 2 тармақшасындағы "300 000 (үш жүз мың) теңге" деген сан мен сөз "1 000 000 (бір миллион) теңге" деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын;

2. "Ордабасы ауданының мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Ордабасы аудандық мәслихатының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат
сессиясының төрағасы
Аудандық мәслихат хатшысы*

*Г. Раймбеков
Б. Садвахасов*